

20 жылдық «Мұнай және Газ» Қазақстандық Халықаралық көрмесі

Қазақстан және Орталық Азия елдеріндегі ірі мұнайгаз KIOGE көрмесі ағымдағы жылы 20-шы рет өткізілді. Біздің үлкен аймағымызда көрмелік жобалар арасында жедел және тұрақтылық сирек үлгі. Бұл іс-шараға Қазақстан Республикасының газ және мұнай Министрлігі, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ, KAZENERGY Ассоциациясы, Алматы қаласының Әкімшілігі және қатысушы елдердің дипломатиялық миссиясы дәстүр бойынша қолдау көрсетті.

Бұл ретте Көрмеге экономикадағы әлемдік жағдайды ескере отырып өлемнің 23 елінен бес жүзден астам компаниялар қатысты, бұл дегеніміз әлемдік экономиканың жағдайын ескергенде тамаша жетістік. Олар Әзербайжан, Бельгия, Венгрия, Италия, Иран, Канада, Қытай, Латвия, Малайзия, Нидерланды, Норвегия, Ресей, АҚШ, Түркия елдерінен. Әлемдік индустриядағы Қазақстанның экономикалық әлеуеттілігін сәтті қабылдау және өзіне тән сынақ ретінде деп бағалауға болады. Сонымен қатар кейбір елдер – Германия, Италия, Қазақстан, Қытай, Ресей, және АҚШ KIOGE көрмесіне ұлттық стендлер ұсынды.

Ал мына сандардың ақпараттылығы одан да кем емес: қазақстандық компаниялар ұсынылған экспонаттардың 32% ұсынған. Яғни іс жүзінде үшінші қатысушылар – ұлттық бизнес құрылымы! Алғашқы онжылдықта арман болған жоба нәтижесі қазір шындыққа айналды. Келесі фактілерге де назар аударған

жөн. KIOGE қатысушы компаниялары арасында біріншіден бұрынғы кеңестік кеңістіктегі елдерден өндіруші фирмалар, екіншіден, орта және кіші бизнестегі бизнес-субъектілер кеңірек өкілеттілік алып отыр. Бұл сөз жоқ, өндірістік диверсификациялық және экономикалық интеграцияға бағытталған біздің елдің саясатының нәтижесі. KIOGE көрмесі өзіндік әмбебап геозкономикалық сипатқа ие, ол қазақстандық және орталық азиялық нарықта алыс шетелдік бизнеске шығар жобалар сияқты пайда болды.

KIOGE басшысы Майкл Джейкобс Көрмені өткізудің мерейтой жылы екендігін айтып кетті. Осы жылдар ішінде «мұнағаз секторындағы қызығушылық танытқан жақтар арасында келісімдер жасау үшін өте жақсы алаң» болып табылғанын атап өтті.

«KIOGE-де бастаналған сол байланыстар нәтижесінде ірі инвестициялар жүзеге асырылып, өте көптеген келісімдер жасалды. Сонымен, Қазақстанның мұнайгаз секторының дамуы жалғасуда болса, біздер компанияда KIOGE-нің дамуына күш саламыз» - деп мәлімдеді Джейкобс.

Itesa компаниясының сату жөніндегі директоры Борис Даниленко өз кезегінде бүгін сенімділікпен айтуға болады: KIOGE конференциясы және көрмесінің дамуы өз жолын тәуелсіз Қазақстанның мұнайгаз саласының дамуымен бірге жүріп өтті делді.

Көрменің қатысушы компаниялар саны мерейтой жылы 20%-ға көтеріліп,



547 компанияны құрағандығын атап өткен маңызды. Тұрақты және жаңа қатысушылардың барлығына Қазақстанда бизнесті бастау үшін KIOGE-ні таңдағандарыңызға ризашылығымызды білдіреміз», - деп мәлімдеді Даниленко мырза.

KIOGE экспозициялары «Атакент» көшесінде және бес павильон-

да орналасқан стендтер дизайнерлік өткен шеберлік жағынан әдеттегідей тамаша әсер қалдырды. Бұл – қатысушы компаниялардың бизнестегі мүмкіндіктері мен ұсыныстары жинақталған идея мен түстер үйлестігі.

KIOGE-2012 өткізілу барысында КПО дәстүрлі вакансиялар жәрмеңкесіне қатысты.

бүлдіршіндердің сапалы білім алуына қауіпсіз және ыңғайлы болуына жағдайлар жасалды.

Бұның барлығы КПО компаниясының игілікті істерінің арқасында екені мәлім. Компанияның әлеуметтік бағдарламасының негізгі бағыты денсаулық сақтау, білім және мәдениет пен спорт нысандарының құрылысы екені белгілі. Ал бұл нысандардың тізімі мен бірінші кезектегі жағдайлары сияқты мәселелерін Батыс Қазақстан облысы басшылығымен анықтайтын болады.

Қалыптасқан әріптестік қарым-қатынастың нәтижесінде осы жылдар ішінде Батыс Қазақстан өңірінде көптеген жаңа мектептер, мектепке дейінгі ұйымдар, аурухана, әлеуметтік-тұрмыстық нысандар, жүздеген шақырым жолдар салынды.

КПО-ның барлық әлеуметтік жобаларының орындалуы тек қана қазақстандық мердігерлер арқылы жүзеге асып келе жатқанын айту маңызды. Успен селолық мектебінің ғимаратын қайта жөндеуді «Ремстройбыт» ЖШС жүргізді.

Жаңа оқу жылының басталуы құрметіне орай өткізілген салтанатты жиында жиналған қауымға жылы тілектер айтылып, мектеп директоры ауылдың көркеюіне қолдау көрсеткендерді алғыс хаттармен марапаттады. «Жаңа оқу жылы, жаңа мектепте – бұл айтарлықтай оқиға» - деп ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі М.С. Давлетжанов ерекше атап өтті.

Білім ошақтарына қолдау

«Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы Батыс Қазақстан облысы бойынша әлеуметтік-инфрақұрылымдық бірқатар жоспарлар кешенін сәтті аяқтап шықты. Соның ішінде Успен ауылындағы мектепті күрделі жөндеуден өткізуді айтуға болады. Бұл әрекет КПО компаниясының интеграциялық салада

тұрақты өркендеуінің нық екендігіне мысал бола алады.

Мүғалімдердің жемісті жұмысының жаңа кезеңінде күздің бірінші күні де оқушылардың ғылым мен қоғамдық өмір заңдылықтарын, таңғажайып білім мен жаңалықтардың есігін ашатын күн.

Білім беру жүйесі үшін бұл жыл мерейлі

жыл болып табылады, себебі, білім беру жүйесін дамытудың жаңа Мемлекеттік бағдарламасы өмірге жолдама алды, оның басты мақсаты – Қазақстандық білім беру жүйесінің алға қарай қадам басуына қолдау көрсету. Білім беру министрлігінің ілімімен сүйенсек, қазіргі таңда республика бойынша 7741 мектеп есепте. Республикамыздағы мектептердің барлығын есептегенде ағымдағы жылы 2,5 миллионнан астам балалар оқумен қамтылды.

Біздің ауданымыздың Успен селолық округінде жаңа оқу жылы ерекше басталды. Оқушылар жаңадан өңделіп, күрделі жөндеуден өткен және оқуға барлық жағдай жасалған ғимаратта оқитын болды. Успен мектебінде бар болғаны 50 оқушы дәріс алады. Мектеп алды даярлық сыныбына 10 бүлдіршін, ал 1 сыныпқа 6 оқушы келген. Бұл мектептің негізі 1961 жылы қаланса, ал қазіргі уақытта көптеген өзгерістер жасалып, іскер басшылардың арқасында жасалған сапалы құрылыс жұмыстарының негізінде мектеп жаңа келбетке ие болды. Мектеп аймағы қоршалып, балалар ойнайтын алаң, түлектер аллеясы, сыртқы жарықтандырулар, ғимарат ішіндегі терезе-есіктер жаңартылып, су және қуат көздерінің жүйесіне және де бірқатар жұмыстар реті жасалып,



КПО компаниясының 15-жылдығына арналған жеңіс

Біздің газетімізде Ақсай қаласының тұрғыны, КПО компаниясының қызметкері және кәсіподақ комитетінің мүшесі, өндіру және техникалық қызмет көрсету бөлімінің жұмысшысы Сыйков Жасқайрат жөнінде бірнеше рет жазылды да. Жақын арада біздің қызметкеріміз тағы да ерекшеленді. Тамыз айының соңында Нижегородск облысының Перевоз ауданының Шильников ауылында жүзбасы Николай Автайкинді еске алуға арналған 2 Халықаралық қазақ ойындары, орыс жекпе-жегі және тағы да басқа ойындар жарысы болып өтті. Бұл жарысқа Сыйков Жасқайрат да өз үлесін қосты. Тамаша нәтиже көрсетіп үйіне жеңіспен оралды.

Спорттық жарыс бағдарламасында: пышақ және балта лақтыру, гір көтеру, ағашаяқ пен жүру, орыс күресі «Слада» және «Яр» орыс жудырықтасу жарысы кірген.

Жасқайрат Сыйков ардагерлер арасынан «Слада» орыс күресіне қатысып, бірінші орын алды. Алтын медальмен және дипломмен марапатта-

лып, бағалы сыйлық табысталды. Осы жеңісінен кейін Жасқайрат «Слада» орыс күресінен 9-ыншы рет әлем жеңімпазы болды. Өз жеңісін Жасқайрат КПО компаниясының 15 жылдығына және КПО кәсіподақ комитетінің құрылғанына 15 жыл толуына арнады.

Халықаралық қазактар қауымдастығы орыс жекпе-жегі мен ойындарының атаманы Юрий Бельков КПО кәсіподақ комитетінің ұйымының төрағасы Төлеуғали Кеңесовке экстр-класс судиясы, казак полковнигі Жасқайрат Сыйковтің әлем чемпионатына қатысуына демеушілік көмек көрсеткені үшін Атамандық алғыс білдірді.

«Слада» сөзінің мағынасы «сладить» сөзінен шыққан. Бұл елістік Владимир Дальдың сөздігі бойынша екі жақты келісімге келтіру, тыңдалу немесе нақтырақ жеңіске жеткізу. Міне, осы себептен ресейліктердің өздері де ұмытып бара жатқан «Слада» атауы жекпе-жек күреске атын беріп, Ресейдің үздік әскери дәстүрлерін қайта жинақтап, қайта жаңғырды.

Ежелгі Ресей елінде «Слада» он үшінші ғасырға

дейін болған, онан кейін жарыс тоқтатылған дейді. Он тоғызшы ғасырда қайта жанданған, бірақ ұзаққа бармады. 1993 жылы орыс күресі «Сладаның» Бүкіләлемдік федерациясы құрылды, оның құрамына басқа да әлем елдері кірді, осыдан кейін жарыстар тұрақты өткізіліп келеді.

Жасқайраттың өзі славян жекпе-жегімен 1995 жылы самбодан Қырым қаласы Судаққа барғанда танысқан, өйткені сол жерде «Слада» күресінен турнир өтіп жатқан еді. Бұрын көрмеген жекпе-жек Жасқайратқа өте ұнады. Осыдан кейін ол өзін осы спорт түріне арнап келеді. Жасқайрат кішкентай кезінен самбомен және еркін күреспен айналысқандықтан, спорттың басқа түріне ауысу қиын болған жоқ. Ол өзінің бірінші чемпион титулын 1999 жылы Нижегородск облысында Лысково қаласында өткен әлем чемпионатында алды. Жасқайрат 58 келі салмақ дәрежесінде сыңға түсіп, Ресей, Австрия, Румыния, Италия және тағы да басқа елдерден келген қарсыластарын жеңіп, «Слада» орыс күресі бойынша әлемдік біріншілікте жеңімпаз атанды.